

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 мамырдағы N 889 қаулысын орындау туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 1 шілдедегі N 204 өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

"Жылуды, ыстық суды және суық суды тұтыну нормаларын қолдануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 мамырдағы N 889 қаулысын орындау үшін:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің аталған қаулысын жүзеге асыру үшін облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне дербес жауапкершілік жүктелсін.

2. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне 1997 жылдың 27 маусымынан бастап апта сайын оның орындалуы жөнінде мониторинг ұйымдастырсын және Премьер-Министр Кеңсесінің Аймақтардың жұмысын үйлестіру бөліміне тұрғын үй қорларына орнатылған коммуналдық қызмет көрсету құралдарының есептеу саны туралы ақпарат ұсынсын (нысаны қоса беріліп отыр).

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі ұсынылған ақпарат мазмұнына сүйене отырып, жүргізілген жұмыстардың дұрыстығына тексеру жүргізсін.

4. Коммуналдық қызметтерге құралдық есептеуді енгізудің мониторингін жүзеге асырушы орталық және жергілікті атқарушы органдар жедел есеп берудің бұрын белгіленген нысанын қоса беріліп отырған нысанға сәйкес келтірсін.

5. Осы өкімнің атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының энергетика және табиғи ресурстар министрі Д.Т.Дүйсеновке, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі Ө.Е.Шүкеевке жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

1 9 9 7 ж ы л ғ ы 1 ш і л д е д е г і

N 2 0 4 ө к і м і н е

қ о с ы м ш а

Тұрғын үй қорының 1997 жылдың " \_\_ " \_\_\_\_\_ коммуналдық қызметтерді есептеу құралдарымен жабдықталуы

	Қажет.   Орнатылғаны	_____ айының кестесі							
	тілік								б о й ы н ш а
	(бір.  _____								
	лік)   Бар.   қажет.   оның	жос.   іс   Ауытқушылық							
		лығы   тілік.   ішінде	пар	жүз.   _____					
		(бір.   тің %   (бір.   (бір.   інде   саны   %							
		лік)	лік)	лік)	(бір.				
					лік)				

1		2		3		4		5		6		7		8		9
---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---

- 1 . Газ есептегіш .  
тері -  
барлығы ,  
оның ішінде  
жалпы үйлік  
жекке ( пәтер  
және жекке  
меншік  
секторы )
- 2 . Жылу есептегіш .  
тері  
барлығы  
оның ішінде  
жалпы үйлік  
жекке
- 3 . Ыстық су есеп .  
тегіштері  
барлығы  
оның ішінде  
жалпы үйлік  
жекке
- 4 . Суық су есеп .  
тегіштері  
барлығы  
оның ішінде  
жалпы үйлік  
жекке

---

Ескерту. 5-баған жыл ішіндегі өсу нәтижесімен, 7-баған есепті айдағы өсу нәтижесімен толтырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК